

## "2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет мынадай көлемде атқарылуға қабылдансын, оның ішінде 2011 жылға:

1) кірістер - 4 346 215 971 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер - 2 934 895 657 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 86 371 534 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 14 192 088 мың теңге;

трансферттердің түсімдері - 1 310 756 692 мың теңге;

2) шығындар - 4 647 429 633 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру - 91 160 728 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 184 469 274 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 93 308 546 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 338 013 062 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 338 323 062 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 310 000 мың теңге;

5) тапшылық - -730 387 452 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өніміне 2,8 пайыз;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 730 387 452 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.02.17 № 147, 2011.03.02 N 214, 2011.04.07 N 391, 2011.10.25 N 1203 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

2. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес республикалық бюджеттен қаржыландырылатын республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес (қызмет бабында пайдалану үшін) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар және Қорғаныс министрліктерінің бюджеттік инвестициялық жобаларының тізбесі;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана арасында төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттерін және кредиттерді бөлу;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне эпизоотияға қарсы шараларды жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұқым шаруашылығын қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тауарлы балық шаруашылығының өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін ағымдағы нысаналы трансферттердің және бюджеттік кредиттердің сомасын бөлу;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

11-1) 11-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығы малдарын бірдейлендіруді ұйымдастыру мен жүргізуге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттердің сомасын бөлу;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және Астана және Алматы қалаларының көшелерін күрделі және орташа жөндеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

12-1) 12-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алуға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттердің сомасын бөлу;

13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерінің сомасын бөлу;

14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

14-1) 14-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақының мөлшерін арттыруға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттердің сомасын бөлу;

14-2) 14-2-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне өндірістік оқытуды ұйымдастыру үшін техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдардың өндірістік оқыту шеберлеріне қосымша төлеуді белгілеу үшін берілетін нысаналы ағымдағы трансферттердің сомасын бөлу;

15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві сомасын бөлу.

18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне халықаралық маңызы бар іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне "Мак" операциясын жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

19-1) 19-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне, жаңадан іске қосылатын спорт объектілерін ұстауға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттердің сомасын бөлу;

19-2) 19-2-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне спорттағы дарынды балаларға арналған

мектеп-интернаттардың мұғалімдеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттердің сомасын бөлу;

20) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсетуді іске асыруға бағытталған ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

21) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жетім сәбиді (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған сәбиді (балаларды) асырап бағу үшін қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайын ақша қаражаттарын төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

22) осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарындағы оқу-өндірістік шеберханаларды, зертханаларды жаңарту мен қайта жабдықтауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

23) осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне педагог кадрлардың біліктілігін арттыру үшін оқу жабдығын сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу бекітілсін;

24) 29-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен жергілікті атқарушы органдардың функциялары мен өкілеттіктерінің берілуіне байланысты трансферттердің сомасын бөлу.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.02.17 № 147, 2011.03.02 N 214, 2011.10.25 N 1203 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

3. "2011 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттан өңірлерде "Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттерді аудару үшін мынадай республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін мынадай іс-шараларды қаржыландыру үшін 9 136 562 мың теңге мөлшеріндегі сома бөлінсін:

1) жеке кәсіпкерлікті қолдауға - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігіне 7 810 440 мың теңге;

**2) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.03.02 N 214 Қаулысымен.**

3) жастар практикасын ұйымдастыруға - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне 1 326 122 мың теңге.

Осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес өңірлерде "Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу бекітілсін.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.02 N 214, 2011.10.25 N 1203 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

3-1. 2011 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттан Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды іске асыруға:

мынадай іс-шараларды қаржыландыру үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін нысаналы ағымдағы трансферттерді және нысаналы даму трансферттерін:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне кадрларды кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға 13 081 647 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне 3 567 567 мың теңге, оның ішінде:

жалақыны ішінара субсидиялауға - 1 219 057 мың теңге;

кәсіпкерлікке үйретуге - 255 041 мың теңге;

қоныс аударуға субсидиялар беруге - 15 771 мың теңге;

жұмыспен қамту орталықтарын құруға - 2 077 698 мың теңге аудару үшін 22 768 340 мың теңге мөлшерінде сома бөлсін;

24-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне кадрларды кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға, жалақыны ішінара субсидиялауға, кәсіпкерлікке үйретуге, қоныс аударуға субсидиялар беруге, жұмыспен қамту орталықтарын құруға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттердің сомасын бөлу бекітілсін;

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға - 5 874 008 мың теңге;

24-2-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттерінің сомасын бөлу бекітілсін;

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне жалға берілетін тұрғын үй құрылысына үлгілік жобаларды әзірлеуге - 245 118 мың теңге.

**Ескерту. Қаулы 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.02 N 214 Қаулысымен.**

3-2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүдделі орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп, 2011 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын іске асыру және қаражатты пайдалану тәртібі туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

**Ескерту. Қаулы 3-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.02 N 214 Қаулысымен.**

4. Осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес мемлекеттік тапсырыстардың тізбесі бекітілсін.

5. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша 2011 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде осы қаулыға 1, 2-қосымшаға сәйкес инвестициялық жобалар бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы бекітіп беру туралы шешімді бекітсін.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2011 жылғы 17 қаңтарға дейінгі мерзімде:

1) ауыл шаруашылығын қолдауға берілетін кредиттер бойынша сыйақы ставкасын өтеу және ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін басқару жүйесін субсидиялау;

2) облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің осы қаулының 2-тармағының 4), 5), 6), 7), 8), 11) тармақшаларында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы қағидалардың жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

6-1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2011 жылғы 20 сәуірге дейінгі мерзімде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығы малдарын бірдейлендіруді ұйымдастыру және жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді қолдануды реттеу туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

**Ескерту. Қаулы 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.02 N 214 Қаулысымен.**

6-2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2011 жылғы 20 қарашаға дейінгі мерзімде Астықты экспорттау кезіндегі көлік шығыстарына жұмсалатын шығындардың құнын арзандатуға субсидия төлеу қағидаларын бекіту туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

**Ескерту. Қаулы 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.25 N 1203 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2011 жылғы 17 қаңтарға дейінгі мерзімде "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру шарттарын айқындау туралы шешімнің жобасын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

**7-1. Қаулы 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.02 N 214 Қаулысымен; алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.10.25 N 1203 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**



7-2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2011 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде Дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау және Дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде кеңесшілердің қызметіне ақы төлеуді республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру тәртіптері туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

**Ескерту. Қаулы 7-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.02 N 214 Қаулысымен.**

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2011 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің осы қаулының 2-тармағының 13), 14), 21), 22), 23) тармақшаларында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі:

1) 2010 жылғы 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде 005 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға, Алматы облысының облыстық бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейтуге берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа объектілерді салуға көзделген қаражатты бөлу туралы шешімнің жобасын;

2) 2011 жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде:

облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің осы қаулының 2-тармағының 15), 16) тармақшаларында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі;

азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылды іске асыруға 2011 жылға арналған қаражатты бөлу және пайдалану тәртібі туралы шешімнің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

10. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, 2011 жылғы 15 сәуірге дейінгі мерзімде "Өнімділік - 2020" бағыты шеңберінде өндірістердің жаңаларын құруға мемлекеттік қаржылай қолдау көрсету, жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту және сауықтыру тәртібі туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізілсін.

11. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен 2010 жылғы 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне 009 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қоршаған ортаны қорғау объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты қоршаған ортаны қорғау объектілерін салуға және реконструкциялауға бөлу туралы шешімнің жобасын енгізісін.

12. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі 2011 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер және Қаржы министрліктерімен бірлесіп, облыстық бюджеттерге 2009 - 2011 жылдарға арналған "Нұрлы көш" бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға кредит беру шарттары туралы шешімнің жобасын;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен бірлесіп, облыстық бюджеттерге , Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасының құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өндірісін дамытудың 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылысы жинақтарының жүйесі арқылы тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға кредит беру шарттары туралы шешімнің жобасын заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

12-1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігімен, облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктерімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі, екінші деңгейдегі банктер, облыстардың , Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері және "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақбанкі" АҚ арасында Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын қолдау бойынша әріптестік туралы келісімге қол қоюды қамтамасыз етсін.

**Ескерту. Қаулы 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.02 N 214 Қаулысымен, жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.04.28 N 452 Қаулысымен.**

13. "Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1039 Жарлығын іске асыру мақсатында:

1) осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету;

2) осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне көші-қон полициясының қосымша штат санын ұстауға,



материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер сомасын бөлу;

3) осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Оралмандарды уақытша орналастыру орталығын және Оралмандарды бейімдеу мен біріктіру орталығын ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін нысаналы даму трансферттерінің сомасын бөлу;

4) осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес көлік құралдарын мемлекеттік техникалық қарауды жүргізу жөніндегі функцияларды және өкілеттікті беруге байланысты облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен түсетін трансферттер түсімдерінің сомасын бөлу жүзеге асырылсын.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.28 N 871 (2011.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.10.25 N 1203 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

13-1. "Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 249 қаулысын іске асыру мақсатында:

1) осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету;

2) осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін ұйымдастыру жөніндегі функциялардың берілуіне байланысты облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен трансферттер түсімінің сомасын бөлу жүзеге асырылсын.

**Ескерту. Қаулы 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.07 N 391 (2011.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен, өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.10.25 N 1203 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

13-2. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ішкі істер органдарының қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету жүзеге асырылсын.

**Ескерту. Қаулы 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.07.28 N 871 Қаулысымен.**

13-3. "Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 18 мамырдағы № 84 Жарлығын іске асыру мақсатында осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету жүзеге асырылсын.

**Ескерту. Қаулы 13-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.08.25 N 961 Қаулысымен.**

13-4. "Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 26 шілдедегі № 129 Жарлығын іске асыру мақсатында:

1) осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету;

2) осы қаулыға 35-қосымшаға сәйкес Алматы облысының облыстық бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне қылмыстық-атқару жүйесі мемлекеттік мекемелерінің жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық қызметкерлерінің штат санын беруге байланысты нысаналы ағымдағы трансферттерінің сомасын бөлу жүзеге асырылсын.

**Ескерту. Қаулы 13-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.18 № 1188 Қаулысымен.**

14. Орталық атқарушы органдар 2011 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізісін.

15. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2010 жылғы 13 желтоқсандағы  
№ 1350 қаулысына  
1-қосымша

## **2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджеттен қаржыландырылатын республикалық бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесі**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.10.25 N 1203(2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.14 № 1532, 2011.12.27 N 1608, 2011.12.27 N 1609 ( 2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.12.30 № 1711 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге		
	Әкімші			2011 жылы	2012 жылы	2013 жылы
	Бағдарлама					
	Кіші бағдарлама					
	Атауы					

1	2	3	4	5
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>359 873 007</b>	<b>378 944 451</b>	<b>302 435 900</b>
<b>001</b>	<b>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</b>	<b>2 0 196 410</b>	<b>1 9 028 924</b>	<b>4 820 580</b>
<b>104</b>	<b>Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі</b>		<b>200 128</b>	<b>901 131</b>
	021 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Ахуалдық орталығын құру		200 128	901 131
	<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
	<i>Өзгелер</i>			
	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Ахуал орталығын құру		200 128	901 131
<b>204</b>	<b>Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі</b>	<b>4 395 518</b>	<b>4 544 138</b>	<b>2 417 632</b>
	009 Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу	4 395 518	4 544 138	2 417 632
	<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
	<i>Өзгелер</i>			
	ҚР АҚШ-тағы Елші резиденциясын орналастыру үшін жер учаскесімен ғимарат сатып алу			824 250
	Беларусь Республикасында ҚР Елшілігінің ғимараттар кешенін салу		540 709	1 084 091
	ҚР РФ-дағы Елшілігінің ғимараттар кешенін кеңейту және ҚР-ның мәдениет орталығын салу	1 500 000	3 000 000	
	Өзбекстан Республикасында Қазақстан Республикасы Елшілігінің ғимараттар кешенін салу	585 434	462 720	
	Украинада ҚР Елшілігінің ғимараттар кешенін салу	1 528 427		
	ГФР-дағы ҚР Елшілігінің әкімшілік тұрғын үй мен ғимаратын салу және реконструкциялау	637 230		
	Монғолияда ҚР Елшілігінің ғимараттар кешенінің салу		540 709	509 291
	БАӘ-дегі ҚР Елшілігінің тұрғын үй ғимаратын салу	144 427		
<b>217</b>	<b>Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі</b>	<b>1 3 902 894</b>	<b>1 3 379 856</b>	<b>917 682</b>
	014 Кеден қызметін жаңғырту	423 404	423 404	
	004 Сыртқы қарыздар есебінен	127 021	127 021	

			<i>Өзгелер</i>			
			Кеден қызметін жаңғырту	127 021	127 021	
		016	Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен	296 383	296 383	
			<i>Өзгелер</i>			
			Кеден қызметін жаңғырту	296 383	296 383	
		026	Кедендік бақылау және кедендік инфрақұрылым объектілерін салу	5 314 092		
			<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
			<i>Алматы облысы</i>			
			Алматы облысы бойынша Кедендік бақылау департаментінің "Қалжат" кеден бекетіндегі объектілерді қайта жаңғырту және құрылысы	504 070		
			Алматы облысы Панфилов ауданының Қорғас кентіндегі кеден органдарының қызметкерлері үшін инженерлік қамтамасыз етілген үш 3 қабатты 18 пәтерлі тұрғын үйлерінің құрылысы	426 959		
			Алматы облысы Алакөл ауданының Достық станциясындағы "Достық" кедені үшін тұрғын үйдің құрылысы	124 038		
			Алматы облысы Ұйғыр ауданы "Қалжат" кеден бекетінің учаскесіне қызметтік тұрғын үйлер құрылысы	55 801		
			<i>Шығыс Қазақстан облысы</i>			
			Шығыс Қазақстан облысы Ұржар ауданындағы "Бақты" кедендік бекетін қайта құру	624 856		
			Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданында "Майқапшағай" бірыңғай бақылау-өткізу пунктіннің құрылысы	781 835		
			Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қаратал ауылдық округінде қызметтік тұрғын үйлер құрылысы	67 461		
			Шығыс Қазақстан облысы Ұржар ауданы Бахты ауылдық округінде қызметтік тұрғын үйлер құрылысы	80 119		
			<i>Жамбыл облысы</i>			
			Жамбыл облысы Мерке ауданы Андас батыр ауылындағы Жамбыл облысы бойынша кедендік бақылау департаментінің "Сыпатай батыр" бірыңғай бақылау-өткізу пунктіннің құрылысын аяқтау	202 696		
			Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы Луговая кентінде Жамбыл облысы бойынша кедендік бақылау Департаментінің "Құлан" кедендік бекетіннің құрылысы	173 132		
			Жамбыл облысы Қордай ауданының Қарасу ауылдық округіндегі "Қордай" кеден бекетіннің "Қарасу" бірыңғай бақылау-өткізу пунктіннің құрылысы және оған қызмет көрсету	1 054 819		
			Жамбыл облысы Тараз қаласындағы қызметтік тұрғын үйлер құрылысы	126 329		
			Жамбыл облысы Мерке ауданының Андас батыр ауылдық округінде қызметтік тұрғын үйлер құрылысы	60 302		

		Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы Луговой станциясында қызметтік тұрғын үйлер құрылысы	6 6 007		
		Жамбыл облысы Қордай ауданының Қордай ауылдық округінде Қордай ауылында қызметтік тұрғын үйлер құрылысы	5 8 227		
		<i>Маңғыстау облысы</i>			
		Маңғыстау облысы Ақтау қаласындағы кедендік рәсімдеу орталығы бар Кедендік бақылау департаменті ғимаратының құрылысы	4 2 000		
		Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Бейнеу ауылында пәтерлі жатақхана құрылысы	2 7 620		
		Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы "Тәжен" кеден бекеті учаскесінде пәтерлік үлгідегі жатақхана құрылысы	2 4 024		
		Маңғыстау облысы Қаракия ауданы "Темір баба" кеден бекеті учаскесінде пәтерлік үлгідегі жатақхана құрылысы	2 4 024		
		<i>Оңтүстік Қазақстан облысы</i>			
		Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы Жамбыл ауылдық округіндегі "Атамекен" бірыңғай бақылау-өткізу пунктiнiң құрылысы	3 85 005		
		Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Сарыағаш қаласында қызметтік тұрғын үйлер құрылысы	404 768		
	029	Қазынашылықтың ақпараттық жүйесін құру	3 3 974		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		Қазынашылықтың ақпараттық жүйесін құру	3 3 974		
	031	"КААЖ" және "Электрондық кеден" ақпараттық жүйесін құру	732 954	460 483	
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		"КААЖ" және "Электрондық кеден" ақпараттық жүйесін құру	732 954	460 483	
	033	"Электрондық мемлекеттік сатып алу" автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту	1 347 817		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		"Электрондық мемлекеттік сатып алу" автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту	1 347 817		
	036	Салық заңнамасын өзгертуге байланысты салық органдарының ақпараттық жүйелерін жаңғырту	3 526 273	7 423 902	917 682
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		Салық заңнамасын өзгертуге байланысты салық органдарының ақпараттық жүйелерін жаңғырту	3 526 273	7 423 902	917 682

	040	Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарын құру	237 626		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарын құру	237 626		
	055	Қаржылық бақылау жүргізудің ақпараттық жүйесін құру және дамыту	2 249		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		Қаржылық бақылау жүргізудің ақпараттық жүйесін құру және дамыту	2 249		
	061	"е-Қаржымині" интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау	2 284 505	5 072 067	
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		"е-Қаржымині" интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау	2 284 505	5 072 067	
<b>603</b>		<b>Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі</b>	<b>1 077 988</b>		
	012	Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру	654 923		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		"Халыққа қызмет көрсету орталықтарына арналған интеграцияланған ақпараттық жүйесі" ақпараттық жүйесін құру	654 923		
	030	Ақпараттық-коммуникациялық желілер мониторингі жүйесін құру	423 065		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		Ақпараттық-коммуникациялық желілер мониторингі жүйесін құру	423 065		
<b>606</b>		<b>Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі</b>	<b>820 010</b>	<b>904 802</b>	<b>584 135</b>
	011	"е-Статистика" интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту	820 010	904 802	584 135
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		"е-Статистика" интеграцияланған ақпарат жүйесін құру және дамыту	820 010	904 802	584 135
<b>002</b>		<b>Қорғаныс</b>	<b>2 3 707 900</b>	<b>1 9 925 183</b>	<b>2 1 811 528</b>
	202	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі	1 1 808 146	1 0 748 443	1 0 491 461



	003	Төтенше жағдайлардан қорғау объектілерін салу және реконструкциялау	1 1 808 146	1 0 748 443	1 0 491 461
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Ақмола облысы</i>			
		Көкшетау қ. қарапайым геологиялық шарттарымен ІВ, ІІА климаттық ауданшықтар үшін ІІ типті 6 автокөлікке арналған өрт сөндіру депо кешенін құрылысын салу	7 400	409 455	390 049
		Қызмет бабында пайдалану үшін	411 686	8 885 481	8 885 481
		<i>Алматы облысы</i>			
		Алматы облысы Алакөл ауданының Достық ауылында 4 шығуға арналған V типті өртке сөндіру депосын салу	162 707		
		<i>Атырау облысы</i>			
		Атырау облысы Құрманғазы ауданының Ганюшкино ауылында 4 шығуға арналған өрт сөндіру депосын салу	282 840		
		<i>Жамбыл облысы</i>			
		Тараз қ. Саңырақ батыр көшесі бойында 6 автокөлікке арналған өрт сөндіру депосы кешенін салу	2 0 180		
		<i>Қарағанды облысы</i>			
		Приозерск қ. N 47 өрт сөндіру бөлімінің 4 автокөлік арналған өрт сөндіру депосына гараждық бокс салу	1 800		
		Приозерск қаласында суда құтқару станциясын салу	4 490		
		<i>Оңтүстік Қазақстан облысы</i>			
		Оңтүстік Қазақстан облысының Сырдария өзеніне тасқын суға қарсы Көксарай контрреттегішін салу	1 0 000 000		
		<i>Алматы қаласы</i>			
		Алматы қ. Алатау ауданының Қарасу шағын ауданында " Сейсмикалық белсенділігі 9 баллды құрайтын ІВ, ІІВ және ІІІВ климаттық ауданшықтар үшін ІІ типті 6 автокөлікке арналған өрт сөндіру депо кешенін салу	3 2 341	445 510	412 690
		Алматы қ. Алатау ауданының Ақбұлақ шағын ауданында сейсмикалық белсенділігі 9 баллды құрайтын ІВ, ІІВ және ІІІВ климаттық ауданшықтар үшін ІІ типті 6 автокөлікке арналған өрт сөндіру депо кешенін салу	3 1 343	445 509	412 690
		<i>Астана қаласы</i>			
		Астана қ. Сарыарқа және Қабанбай батыр даңғылдары арасындағы № 23 көше бойында орналасқан жер телімінде 6 шығуға арналған өрт сөндіру депосын салу	844 259	153 533	
		Астана қ. № 12 көше бойында қарапайым геологиялық шарттарымен ІВ, ІІА климаттық ауданшықтар үшін ІІ типті 6 автокөлікке арналған өрт сөндіру депо кешенін салу	1 0 100	408 955	390 551
208		<b>Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі</b>	<b>1 1 899 754</b>	<b>8 926 740</b>	<b>1 1 206 070</b>

	002	Қарулы Күштердің автоматтандырылған басқару жүйесін құру	2 420 040	6 036 580	7 706 070
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		Қарулы Күштердің автоматтандырылған басқару жүйесін құру	2 420 040	6 036 580	7 706 070
	004	Қарулы Күштердің объектілерін салу	9 479 714	2 890 160	3 500 000
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		Қызмет бабында пайдалану үшін	9 479 714	2 890 160	3 500 000
678		<b>Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы</b>		<b>250 000</b>	<b>113 997</b>
	002	Республикалық ұланның даму бағдарламасы		250 000	113 997
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Астана қаласы</i>			
		Республикалық Ұланы бригадасының әскери қалашығы құрылысы (жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу)		250 000	113 997
003		<b>Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі</b>	<b>2 0 953 713</b>	<b>1 0 198 644</b>	<b>8 664 557</b>
201		<b>Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі</b>	<b>2 904 572</b>	<b>3 245 261</b>	<b>2 489 506</b>
	007	Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік объектілерін салу, реконструкциялау	2 696 219	2 914 506	2 489 506
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Ақмола облысы</i>			
		Ақмола облысының Степной ауылында түзеу мекемелерін күзету жөніндегі Ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін орналастыруға арналған объектілерді салу	617 332		
		<i>Ақтөбе облысы</i>			
		Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданының Жем қаласындағы түзеу мекемелерін күзету жөніндегі ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін орналастыру үшін объектілерді салу	5 787		
		<i>Жамбыл облысы</i>			
		Жамбыл облысының Тараз қаласындағы түзеу мекемелерін күзету жөніндегі ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін орналастыру үшін объектілерді салу	4 760		
		<i>Қызылорда облысы</i>			
			6 851		

		Қызылорда облысының Қызылорда қаласындағы түзеу мекемелерін күзету жөніндегі ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін орналастыру үшін объектілерді салу			
		<i>Маңғыстау облысы</i>			
		Жаңаөзен қаласында үлгілі әскери қалашығын салу (мемлекеттік сараптама мен жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу)	4 9 999	1 373 161	1 373 161
		<i>Шығыс Қазақстан облысы</i>			
		ОВ 156/18 мекемесі аймағында жаңа қазандықтың құрылысы		425 000	
		<i>Оңтүстік Қазақстан облысы</i>			
		Оңтүстік Қазақстан облысының Төле би ауданының Шахта Тоғыс ауылында түзеу мекемелерін күзету жөніндегі ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін орналастыру үшін объектілерді салу	6 840		
		<i>Алматы қаласы</i>			
		Алматы қаласындағы тергеу изоляторын реконструкциялау және кеңейту	129 028		
		<i>Астана қаласы</i>			
		Астана қаласында ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне арналған тұрғын үйі бар үлгілік әскери қалашығын салу	1 875 622	1 116 345	1 116 345
	008	Деректер берудің спутниктік желісі мен телефонияны жаңғырту және дамыту	208 353	330 755	
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		Деректер берудің спутниктік желісі мен телефонияны жаңғырту және дамыту	208 353	330 755	
<b>221</b>		<b>Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі</b>	<b>7 340</b>		
	017	Сот орындаушы органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру	7 340		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		Сот орындаушы органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру	7 340		
<b>410</b>		<b>Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті</b>	<b>1 3 832 072</b>	<b>3 670 463</b>	<b>2 636 846</b>
	002	Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	1 3 832 072	3 670 463	2 636 846
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	1 3 832 072	3 670 463	2 636 846
<b>501</b>		<b>Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты</b>	<b>1 260 177</b>	<b>2 032 920</b>	<b>2 326 488</b>

	002	Қазақстан Республикасы сот жүйесі органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесін құру	206 033	337 720	
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		Қазақстан Республикасы сот жүйесі органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесін құру	206 033	337 720	
	012	Сот жүйесі органдарының объектілерін салу	1 054 144	1 695 200	2 326 488
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Алматы облысы</i>			
		Алматы облысының Өтеген батыр ауылындағы Іле аудандық сот ғимаратына жапсарайдың құрылысы	5 5 461		
		<i>Павлодар облысы</i>			
		Павлодар қаласы Жеңіс Алаңы көшесі, № 1 мекенжайы бойынша облыстық сот ғимаратындағы жапсарайдың құрылысы, облыстық соты ғимаратының қайта құрылымдауы	332 721		
		<i>Оңтүстік Қазақстан облысы</i>			
		Мамандандырылған аудан аралық экономикалық сотының аймақтық учаскелік сот орындаушыларының типтік ғимаратын салу	298 683	495 200	
		<i>Астана қаласы</i>			
		Екі аудандық соттары мен алқа билері бар (облыстық мақсаттағы) қалалық соттың ғимаратын салу	367 279	1 200 000	2 326 488
	<b>502</b>	<b>Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы</b>	<b>2 733 237</b>	<b>1 250 000</b>	<b>1 211 717</b>
	003	Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетінің ақпараттық жүйесін құру	397 952		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<b>Өзгелер</b>			
		"Информациялық қызмет" ААЖ	397 952		
	008	Прокуратура органдары үшін объектілер салу, реконструкциялау	1 823 285		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Алматы облысы</i>			
		Алматы облысы Қаратал ауданы Қонаев көшесі 8-ші үйдегі прокуратурасы әкімшілік ғимаратының құрылысы	5 3 008		
		Алматы облысының Талдықорған қаласындағы Талдықорған гарнизоны әскери прокуратурасы және Талдықорған көлік прокуратурасы әкімшілік ғимаратының құрылысы	5 6 865		
		<i>Шығыс Қазақстан облысы</i>			
		Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Молодежный к. прокуратурасы әкімшілік ғимаратының құрылысы	8 9 168		

		Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Зайсан қ. прокуратурасы әкімшілік ғимаратының құрылысы	9 0 975		
		<i>Батыс Қазақстан облысы</i>			
		БҚО Қазталов ауданының Қазталов ауылында прокуратура ғимаратының құрылысы	5 0 613		
		БҚО Сырым ауданында Жымпиты ауылында прокуратура ғимаратының құрылысы	5 6 642		
		БҚО Бөкей ордасы ауданының Сайқын ауылында прокуратура ғимаратының құрылысы	5 8 754		
		БҚО Жәнібек ауданының Жәнібек ауылында прокуратура ғимаратының құрылысы	5 5 313		
		БҚО Қаратөбе ауданының Қаратөбе ауылында прокуратура ғимаратының құрылысы	6 0 873		
		<i>Қарағанды облысы</i>			
		Қарағанды облысының Абай қаласындағы прокуратура ғимаратының құрылысы	167 993		
		Қарағанды облысы Ұлытау ауданындағы Ұлытау ауылының прокуратура ғимаратының құрылысы	5 6 043		
		<i>Қостанай облысы</i>			
		Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Боровское ауылында прокуратура ғимаратының құрылысы	5 1 786		
		<i>Павлодар облысы</i>			
		Павлодар қ. "Павлодар облысының прокуратурасы" ММ үшін әкімшілік ғимаратының құрылысы	791 117		
		<i>Оңтүстік Қазақстан облысы</i>			
		ОҚО Шымкент қаласы Сауран мөлтек ауданындағы Шымкент көлік прокуратурасы және Шымкент горнизонының әскери прокуратурасының ғимаратының құрылысы	184 135		
	010	Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнайы органдары үшін ақпарат алмасу жүйесін құру	512 000	1 250 000	1 211 717
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		Құқық қорғау және арнайы органдарының ақпарат алмасу жүйесін құру	512 000	1 250 000	1 211 717
618		<b>Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)</b>	<b>4 3 000</b>		
	003	Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйені құру	4 3 000		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйені құру	4 3 000		
680		<b>Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі</b>	<b>173 315</b>		

	002	Қазақстан Республикасының Президенті Күзет Қызметін дамыту бағдарламасы	173 315		
		<b>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</b>			
		<i>Өзгелер</i>			
		Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің дамыту бағдарламасы	173 315		
<b>004</b>		<b>Білім беру</b>	<b>5 6 048 214</b>	<b>9 127 754</b>	<b>1 500 000</b>
104		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі	4 6 921 160		
	009	"Назарбаев Университеті" ДБҰ-ны дамытуға арналған нысаналы салым	4 6 921 160		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға</i>			
		<i>Өзгелер</i>			
		"Назарбаев Университеті" ДБҰ-ны дамытуға арналған нысаналы салым	4 6 921 160		
<b>212</b>		<b>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі</b>	<b>204 229</b>		
	007	Ауыл шаруашылығы саласындағы білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	204 229		
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		<i>Астана қаласы</i>			
		Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік аграрлық техникалық университетінің техникалық факультетінің оқу корпусын салу	204 229		
<b>225</b>		<b>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі</b>	<b>8 616 744</b>	<b>7 627 754</b>	
	004	Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру жобасы бойынша инновациялық жүйенің желілерін дамыту	564 277	6 905 624	
	004	Сыртқы қарыздар есебінен	164 750	933 472	
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру жобасы бойынша инновациялық жүйенің желілерін дамыту	164 750	933 472	
	016	Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен	399 527	5 972 152	
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			
		Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру жобасы бойынша инновациялық жүйенің желілерін дамыту	399 527	5 972 152	
	005	Білім және ғылым объектілерін салу және реконструкциялау	8 052 467	722 130	
		<i>оның ішінде инвестициялық жобаларға:</i>			



			<i>Алматы облысы</i>			
			Алматы облысы Есік қаласында 250 орынды көзі нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернат салу	103 067		
			<i>Атырау облысы</i>			
			Атырау қаласында мұнай-газ саласы үшін техникалық және қызмет көрсететін еңбек кадрларын дайындау және қайта даярлау бойынша 700 оқушылық орынға арналған аймақаралық кәсіптік оқу орталығын салу	1 103 396		
			"Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті" РМҚК-ның 32, 32а ықшамаудандарындағы студенттік қалашықтың құрамындағы 500 орындық жатақханасын салу	121 615		
			<i>Шығыс Қазақстан облысы</i>			
			Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында 700 орындық машина жасау саласы үшін техникалық және қызмет көрсету және өңдеу саласындағы қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлауға арналған өңіраралық кәсіби орталығын салу	1 426 570		
			Тарбағатай ауданының Жантөкей ауылында 180 орынға арналған мектеп салу	4 0 233		
			Күршім ауданының Барақ батыр ауылында 132 орынға арналған мектеп салу	2 7 849		
			<i>Батыс Қазақстан облысы</i>			
			Орал қаласындағы Жәңгір-хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің аймағындағы 560 орынға 9 қабатты жатақхананың құрылысы	671 445		
			Орал қаласындағы М. Өтеміс атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 308 орынға жатақхананың құрылысы	200 000		
			<i>Қарағанды облысы</i>			
			Қарағанды қаласы Т. Бегелдинов атындағы республикалық мектеп интернатының спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысы	200 864		
			<i>Павлодар облысы</i>			
			Беркімбаев-Московская көшелерінің қиылысында орналасқан көлемі 8,0 гектар (Екібастұз қаласындағы 700 орынды отын-энергетика саласына арналған) техникалық және қызмет көрсететін еңбек кадрларын даярлау бойынша регион аралық кәсіби орталығының құрылысы	530 884		
			<i>Оңтүстік Қазақстан облысы</i>			
			Түркістан қаласындағы А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медициналық факультетінің 1 850 студентке арналған оқу корпусының құрылысы	1 713 535		
			Түркістан қаласындағы А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 500 орындық жатақхананың құрылысы	269 122		
			Оңтүстік Қазақстан облысында өңдеуші салаларында жұмыс істейтін техникалық қызмет көрсету кадрларын дайындайтын және			

		қайта дайындайтын 700 оқу орынды регион аралық кәсіби орталығын салу	307 370		
		<i>Алматы қаласы</i>			
		Алматы қаласы Бостандық ауданы Аль-Фараби даңғылы, 73 мекен-жайындағы бекітілген жер учаскесінде орналасқан " Нұр-Мұбарак" Ислам мәдениеті Египет университетінің 610 орынды жатақхананың құрылысы	374 370	682 130	
		"Қазақстан Республикасының орталық ғылыми кітапханасы" РМҚК ғимараттарының кешенін реконструкциялау	133 239		
		Аль-Фараби атындағы Қазақстан Ұлттық Университеті кітапханасының құрылысы	791 938		
		<i>Астана қаласы</i>			
		Астана қаласында Қазақ Ұлттық Музыка академиясының 250 орындық жатақханасын салу		4 0 000	
		Астана қаласындағы Ломоносов атындағы ММУ-нің Қазақстан филиалы үшін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің 500 орынға арналған жатақханасы бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу	2 8 994		
		Астана қаласындағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат	7 976		
